

*П. Қ. Әбілқас, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, заң магистрі, полиция капитаны;*

*З. Д. Ермекова, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, полиция майоры*

*(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

## ЕСІНІҢ ДҰРЫСТЫҒЫ ЖОҚҚА ШЫҒАРЫЛМАЙТЫН ПСИХИКАСЫ БҰЗЫЛҒАН АДАМНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Құқықтық мемлекетті құру процесі міндетті түрде заңнаманың жаңа түрін жасауды, оның ішінде, біздің елде болатын және болған өзгерістерге сәйкес келетін қылмыстық заңнаманы ойластырады. Қазақстан тоталитарлық тәртіптен бас тартып, құқықтық мемлекет, тұлғаның құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаларына негізделген жаңа азаматтық қоғамды құруда. Мұндай жағдайларда құқықтық реформаның маңызды буыны адам құқығы және қоғамның заманауи талаптарға сай даму аясында халықаралық келісімдерге сәйкес келетін жаңа, қылмыстық заңнаманы әзірлеу және қабылдау болып табылады. Бұл қылмыс жасаған адамның құқығы мен міндеттері және оларды қамтамасыз етудің бүкіл механизмін қайта бағалауға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, Қазақстан халқына біздің мемлекетіміздің Елбасы Н. Назарбаев өз Жолдауында «абсолютті заңның ұлықтылығын анықтап және тілалғыш азаматтарды қылмыстардан қорғау» деп көрсеткен.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы Қылмыстық кодексіне бірінші рет есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психикасы бұзылған адамның қылмыстық жауаптылығы туралы бап енгізілді.

Қазақстан Республикасының ҚК 17-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қылмыс жасаған кезінде психикасының бұзылуы салдарынан өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипатымен қоғамдық қауіптілігін толық көлемінде ұғына алмаған не оған ие бола алмаған есі дұрыс адам қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс.

Осы қылмыстық-құқықтық норманың 2-бөлігінде есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психиканың бұзылуын сот жаза тағайындау кезінде жеңілдететін мән-жай ретінде ескереді. Ол осы Кодексте көзделген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындау үшін негіз бола алады.

С. С. Молдабаевтың пікірі бойынша, шектеулі есі дұрыстық деп қылмыс жасау кезінде кінәлінің психикалық қызметінің немесе өзге де қылмыстық өзгерістеріне байланысты өз

әрекетінің (әрекетсіздігінің) нақты сипатын немесе қоғамдық қауіптілігін ұғына алмау не оны басқару қабілеті шектеулі болуына байланысты қылмыстық жауаптылық пен жазаны жоққа шығармайтын психикалық жай-күйін тануға болады<sup>2</sup>.

Есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психиканың бұзылуы деп психикасының бұзылуы салдарынан өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипатымен қоғамдық қауіптілігін толық көлемінде ұғына алмаған не оған ие бола алмаған жай-күйді тану ұсынылады. Бұл жердегі «салдарынан» деген тіркес айғақтай түскендей, психикалық процестердің ықпалы сана мен ырыққа зиян келтіретіні әбден орынды көрініп тұрған сияқты. Психиканың ауытқушылығы субъектінің өтіп жатқан оқиғаның мәнін түсінуге мүмкіндік бермейді. Соның салдарынан қызба мінезді басудың құқыққа қайшы жолдары ол үшін әбден мүмкін және қол жетерлік.

Жартылай есі дұрыс адам да психикалық аурудан зәбір шегеді, бірақ та қабілеттілігін сақтағанымен аз да болса өз әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін түсіну мен оларды басқара алу қабілетінің төмендігін байқауға болады (төмен есі дұрыстықтың заңдық өлшемдік негізі). Төмендеген есі дұрыстықтың психологиялық (заңдық) өлшемдік негізі адамның өз әрекетін ұғынып және ие болу қабілетінің бар екендігімен және оның мүлдем жоғалып кетпесе де аздап төмендеуімен көрінеді.

Шектеулі есі дұрыстық мазмұнын заң шығарушы есі дұрыс еместіктегі сияқты заңдық және медициналық өлшемдік негіздердің болуымен байланыстырады. Бұл жерде аздап есі дұрыс өлшемдік негізінің ойлау белгілеріне мыналарды жатқызуға болады: адамның өз әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін ұғына білуінің шектеулі қабілеті; ойлау белгісіне — өз әрекеттерін басқарудың шектеулі қабілеті.

Аздап есі дұрыстықтағы ойлау өлшемдік негізі адамның өз әрекетін (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипатын, іс жүзіндегі жақтарын білдіреді. Сонымен бірге, адамның сол әрекеттің қоғамдық мағынасын, әсіресе қоғамдық қауіптілігін ұғына білуін анықтау керек. Қылмыс жасаған адамның (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін ұғына алмауы оның түйсігінің толық еместігін көрсетеді.

Қылмыстық іс материалдары мен сот-психиатриялық сараптама актілерін зерттеу Қазақстан Республикасы ҚК 17-бабы өз әрекетін (әрекетсіздігін) толық мәнде іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін ұғына алмауына қатысты адамдардың көбісіне қолданылған.

Өмір тәжірибесінде есі дұрыстықты жоққа шығармайтын психикасы бұзылған аурумен ауыратын, бірақ жасаған әрекетін (әрекетсіздігін) ұғынатын, алайда, оны толығымен басқара алмайтын адамдар жиі кездеседі. Сөйтіп төмен есі дұрыстықтың ырықтың өлшемдік негізі адамның жасайтын әрекетіне ие болу қабілетінің шектелуімен көрінеді.

Медициналық өлшемдік негіз болған кезде адамның есінің дұрыстығы шектеулі деп тану үшін заңдық (психологиялық) өлшемдер — не ойлау, не ырықтылық өлшемдерінің біреуінің болғаны да жеткілікті.

Есінің дұрыстығы төмендеу медициналық өлшемдік негізі психикалық өзгерістер тізімімен көрсетілген, яғни тек қана адамның мінез-құлқына ғана әсер етіп, оның жасаған әрекетінің іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін ұғыну, сондай-ақ оған ие болу қабілетін жоққа шығармайтын психикалық бұзылу.

Есінің дұрыстығы төмендеу медициналық өлшемдік негізінің көбінесе есі дұрыстықты жоққа шығармайтын санатына жататын жиі кездесетін психикалық бұзылудың тізімдері бар. Бұл тізім қанағаттандырушы болып саналмайды, сондықтан, біздің ойымызша, есі дұрыстықты жоққа шығармайтын психикалық бұзылуы тізімін толығырақ жасау үшін ғылыми ізденістерді тереңдете түскен абзал.

Адамды есінің дұрыстығы шектеулі деп тану үшін аталған өлшемдік негіздердің жиынтығы қажет. Тек қана медициналық немесе тек қана заңдық өлшемдік негіздің болуы адамның шектеулі есі дұрыс деп тануға негіз бола алмайды.

Екі өлшемдік негіз — медициналық немесе заңдық (психологиялық) өлшемдік негіздің екеуі де бір-бірімен ажырамас бірлікте болуы керек, өйткені психологиялық өлшемдік негіз медициналық өлшемдік негіз көрсететін клиникалық нысанның психикалық қалыптан ауытқушылығын сипаттайды.

Бұдан бұрын атап көрсеткеніміздей, Қазақстан Республикасы ҚК 15-бабының 3-бөлігінде былай деп атап көрсетіледі: егер кәмелетке толмаған адам осы баптың бірінші немесе екінші бөлігінде көзделген жасқа толса, бірақ психикасының бұзылуына байланысты емес психикалық дамуы жағынан артта қалуы салдарынан кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмысты жасау кезіндегі өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін толық көлемінде түсіне алмаса не оған ие бола алмаса, қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс емес.

Қазақстан Республикасы ҚК 17-бабына сәйкес, қылмыс жасаған кезінде психикасының бұзылуы салдарынан өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипатымен қоғамдық қауіптілігін толық көлемінде ұғына алмаған не оған ие бола алмаған есі дұрыс адам қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс. Бұл мәселе қылмыстық жауаптылықты жеңілдететін мән-жай болып қана табылады.

Заңның мағынасына қарай, егер есінің дұрыстығы шектеулі адам кәмелетке толмаған болып, есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психиканың бұзылуынан азап шегетін болса да, қылмыстық жауаптылықтан босатылмайды және өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін толық көлемінде түсіне алмаған не оған ие бола алмаған фактісі қылмыстық жаза тағайындау кезінде сотпен жеңілдетуші мән-жайлар ретінде ескеріледі.

Ал басқа қылмыстық жаза тартылатын жасқа жетпеген кәмелетке толмаған психикасының бұзылуына байланысты емес психикалық дамуы жағынан артта қалуы салдарынан өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін толық көлемінде түсіне алмаса не оған ие бола алмаса, қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс емес. Қылмыстың бұл ережелері де қылмыстық құқық қағидасы мен қисынға сай келмейді.

Осы жоғарыдағы айтылғандарға сүйене отырып, Қазақстан Республикасы ҚК 15-бабының 3-бөлігін мынадай редакциямен берген орынды: «Егер кәмелетке толмаған адам осы баптың бірінші немесе екінші бөлігінде көзделген жасқа толса, бірақ психикалық дамуы жағынан артта қалуы ненің салдарынан туындаса да өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін толық көлемінде түсіне алмаса не оған ие бола алмаса, қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс емес».

1 Назарбаев Н. А. Казахстан-2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. — Алматы, 1997. — С. 223.

2 Молдабаев С.С. Проблемы субъекта преступления в уголовном праве. — Алматы, 1998. — С. 115.